

**Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 2 тамыздағы № 149 "Ауданның әлеуметтік жағынан дәрменсіз азаматтарына біржолғы әлеуметтік төлем төлеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы Қызылқоға аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 197 қаулысы. Әділет департаменті Қызылқоға ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 09 қарашада № 4-5-134 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 25 ақпандағы № 40 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық әкімдігінің 25.02.2013 № 40 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 28 бабына сәйкес және ауданның әлеуметтік жағынан дәрменсіз азаматтарына әлеуметтік көмек көрсету мақсатында қосымша қаражаттың бөлінуіне байланысты аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 2 тамыздағы № 149 «Ауданның әлеуметтік жағынан дәрменсіз азаматтарына біржолғы әлеуметтік төлем төлеу туралы» қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 4-5-129 тіркелген, 2010 жылғы 19 тамыздағы «Қызылқоға» газетінің № 34 санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 . 2 т а р м а қ т а :  
1 ) т а р м а қ ш а д а ғ ы :

«Әлеуметтік жағынан дәрменсіз азаматтардың арыздарын қарау үшін» деген сөз «Әлеуметтік жағынан дәрменсіз азаматтарға біржолғы әлеуметтік төлем төлеу үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;

2 ) т а р м а қ ш а д а ғ ы :

«Комиссия арыз берушінің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын зерттеп, зерттеу актісіне жалғап ұсыныс берсін» деген сөздер «Селолық, ауылдық округ әкімдері жанындағы учаскелік комиссия арыз берушінің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын зерттеп, зерттеу актісіне жалғап, аудандық комиссияға ұсыныс берсін» деп өзгертілсін ;

3 ) т а р м а қ ш а д а ғ ы :

«10» деген сан «140» деген санмен өзгертілсін.

3. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 17 қыркүйектегі № 173 «Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 2 тымыздағы № 149 «Ауданның әлеуметтік жағынан дәрменсіз азаматтарына біржолғы әлеуметтік төлем төлеу туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Ш а я х м е т о в к е жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың қазанынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

*Аудан әкімі*

*Б. Сәрсенғалиев*